



6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған Акерке Шиынкуловна Амирханованың «Тықыр кекіре (*Oxytropis glabra* Lam.DC.) экстракты негізінде дәрілік құралдың фармацевтикалық негіздемесін жасау және клиникаға дейінгі зерттеулер жүргізу» тақырыбына жүргізілген диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші, фармацевтика ғылымының докторы, доцент **Гульбарам Омаргазиевна Устенованын**

ПІКІРІ

Акерке Шиынкуловна Амирханова «Химия» магистрлік академиялық дәрежесін алғаннан кейін, 2015 жылы 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша Қазақ Ұлттық медицина университетінің PhD докторантурасына түсті. Диссертациялық жұмыстың ғылыми зерттеу объектісі ретінде тықыр кекіре (*Oxytropis glabra* Lam.DC.) дәрілік өсімдік шикізатынан экстракт алу және соның негізінде дәрілік құрал таблетканың фармацевтикалық негіздемесін жасау болды.

Докторант А.Ш. Амирханова тықыр кекіре (*Oxytropis glabra* Lam.DC.) дәрілік өсімдік шикізатын жинап кептіруден кейін фармакогностикалық, фармако-технологиялық параметрлері негізінде нормативті құжаттар талаптарына сәйкес зерттеліп, тықыр кекіре (*Oxytropis glabra* Lam.DC.) дәрілік өсімдік шикізатына стандартизация жүргізді.

Докторант А.Ш. Амирханова Гданьск қ. (Польша) Гданьск медициналық университетінде ғылыми тағылымнан өтті. Ғылыми тағылым кезінде әртүрлі заманауи физика-химиялық әдістер мен әдістемелермен зерттеу жүргізуді үйренді. Тықыр кекіре (*Oxytropis glabra* Lam.DC.) дәрілік өсімдік шикізаты негізінде әртүрлі экстракттар алынып, олардың фитохимиялық құрамдары анықталынды. Алынған экстракттан шыққан биологиялық белсенді заттарды өзара салыстырып, көмірқышқылды қою экстрактыны таңдап алып, флавоноидтар класына жататын изомукрулатол және терпеноидтар класына жататын стигмаст-7-ен-3-ол, α -амирин қосылыстары анықталынып, экстрактыны ҚР МФ талаптарына сәйкес стандарттап, аналитикалық нормативті құжаттар жобасы құрастырылды. Аталған көмірқышқылды экстрактының уыттылығы тексеріліп, соның негізінде дәрілік құрал таблетканың оңтайлы құрамы мен ұтымды технологиясы жасалынды.

Алынған нәтижелер интерпретацияланып, Scopus дерекқор қатарына кіретін (импакт – факторы 0,648) Asian Journal of Pharmaceutical and Clinical Research журналында және (импакт – факторы 0,875) 18th International multidisciplinary Scientific GeoConference SGEM жарияланды. Докторант зерттеу нәтижелерін Қазақстан, Ресей, Польша, Дубай, Малайзия



халықаралық конференцияларында жүйелі түрде баяндап отырды. PhD докторантура бағдарламасы бойынша білім беру процесін игеру кезінде базалық және профильдік пәндерден терең білімін көрсетті. Оқу барысында қазақ тілінде «Экстракционды препараттар технологиясы» атты оқу құралы және электронды тасымалдағыш оқу құралының авторларының бірі ретінде, оқу құралының оқу үрдісіне енгізілуіне өз үлесін қосты. Докторант өзінің оқу барысында қалыптасқан педагогикалық дағдыларын көрсете білді, бакалавр және магистр білім алушыларының ғылыми жұмыстарына бағыт бере отырып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып отырды.

А.Ш. Амирханова қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген. Докторант жауапкершілігі өте жоғары, профессорлық-оқытушы құрамы және білім алушылар арасында сыйлы.

Осылайша, Акерке Шиынкуловна Амирханованың орындаған диссертациялық жұмысының мақсаты мен міндеттері орындалған, алынған нәтижелердің жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы, фармация саласына қосатын үлесі бар жұмыс болып ұсынылады.

Жоғарыдағы пікірге байланысты диссертант 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылады.

Ғылыми жетекшісі:

АҚ Ұлттық медициналық университеті, Фармация мектебі, дәрілік заттар технологиясы және инженерлік пәндер кафедрасының меңгерушісі, фарм.ғ.д.



Г.О. Устенова